

УДК 37.02

## ОҚУШЫНЫҢ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІ МЕН ДҮНИЕТАНЫМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ СЫНЫПТАН ТЫС ЖҰМЫСТЫҢ РОЛІ

**Исенов Ө.И.,**

*т.ғ.к., доцент, қазақстан тарихы  
кафедрасының меңгерушісі*

**Арапов Ж.,** 4 курс студенті, ҚМПИ,  
Қостанай қ., Қазақстан

### **Аннотация**

Мақалада мектеп оқушыларының құзыреттілігі мен дүниетанымын қалыптастыруда сыныптан тыс жұмыстың маңызы қарастырылған. Бала тәрбиесінде сыныптан тыс жұмыстардың мазмұны тәрбиенің бағыттарымен тығыз байланысты. Осы тұрғыдан қарағанда оқушыларға адамгершілік тәрбие беру бағытында тарихи тұлғалардың өмірі мен қызметін оқып-үйренуге көңіл бөлу, дүниеге ғылыми көзқарас қалыптастыруда қоғамның саяси-экономикалық даму заңдылықтарын игеруге көмектесетін тәсілдерді қолданудың жайы туралы ойлар түйінделген.

Авторлар сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру арқылы оқушылардың дүниетанымын қалыптастыру үшін оған өмірдің жақсы да, көлеңкелі тұстарын да танытқан жөн. Дүниетанымдық сана баланың сезіміне, ерік - жігеріне әсер етіп, сана-сезімді бекітуші, ерік - жігерді ынталандырушы деген пікірде.

### **Аннотация**

В статье рассматривается роль внеклассной работы в формировании компетенции и мировоззрения учащихся школ. Содержание внеклассной работы в воспитании детей имеет тесную связь с направлениями дидактики. Содержание внеклассной работы подбирается соответственно цели каждого направления. Исходя из поставленной цели, авторы в статье раскрывают основные методы дидактики, позволяющие формировать у учащихся гуманистический взгляд через призму исследования общественных, политико-экономических законов развития посредством изучения исторических личностей.

В итоге мировоззрение учащихся влияет на их сознание и волю, развивая стремление к познанию не только положительных, но и отрицательных исторических событий.

### **Abstract**

The role of extra-curricular activities is considered in the article as a component that forms students' competence and outlook. Extracurricular activities content is closely related to the science of didactics. It is chosen in accordance with the aims of each direction. The author describes the main didactic methods that facilitate the development of students' humanistic outlook through the study of outstanding personalities.

To sum up I want to say that student's world outlook affects their consciousness and liberty with the help of aspiration to the desire to know not only positive, but also negative historical events.

**Түйінді сөздер:** Білім мазмұнын толықтыру, құзырлық (құзыреттілік), оқушылардың дүниетанымын дамыту, тәрбиелік қызмет, толыққанды жеке тұлға қалыптастыруда сыныптан тыс жұмыстың маңызы.

*Ключевые слова:* обогащение содержания образования; компетентность, развивающая мировоззрение учеников; воспитательная работа. пополнение системы подготовки физического здоровья.

*Keywords:* enriching the content of education, competence, developing outlook of students, mentoring Recharge the system of training of the physical health benefits of extracurricular activities with students.

### **1. Кіріспе.**

Құзыреттілікті қалыптастырудың негізгі субъектісі – оқушылардың өздік жұмыстарын тиімді ұйымдастыру. Еліміздегі дүбірлі өзгерістер, қайта жаңғырулар білім беру жүйесіне де айтулы реформалар мен мақсаттар әкелді. Білім стандартының жасалуы, мектептерді жаппай компьютерлермен қамту, инновациялық технологияларды іздеу, білім мазмұнын байыту, әлемдік білім кеңістігіне ену мақсатындағы жұмыстар сол өзгерістің куәсі. Білім парадигмасы өзгерді. Парадигма дегеніміз – бүкіл дүниежүзілік ғылыми қоғамға ортақ белгілі тарихи кезеңде негізгі әдіснамалық жетекші идея болатын көзқарастар, түсініктер өзекті мәселені шешудегі әр түрлі моделдер жүйесі. Жеке тұлғаға бағытталған білім оқушының болмысын және белгілі бір құзыреттілікті қалыптастырудың негізі. Құзырлықтың (құзыреттілік) латын тілінен аудармасы «competentia» белгілі сала бойынша жан – жақты хабардар, білгір деген мағынаны қамти отырып, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді түрде шешім шығара алады. Бұл жайлы Б. Тұрғынбаева «Өзінің практикалық әрекеті арқылы алған білімдерін өз өмірлік мәселелерін шешуде қолдана алуын – құзырлықтар ( құзыреттілік) деп атаймыз» деп анықтаса, Ресей ғалымы Кузьминның көзқарасы бойынша «Құзырлық (құзыреттілік) дегеніміз – педагогтың басқа бір адамның дамуына негіз бола алатын білімділігі мен абыройлығы» (Шаймарданова Г.С., 2005).

### **2. Материалдар мен әдістер.**

Жалпы сыныптан тыс жұмыстардың ерекшеліктерін зерттеуде бала тәрбиесіне қатысты педагогикалық және психологиялық материалдар талдауға алынып, педагогикалық және психологиялық зерттеу әдістері басты назарға алынады.

Құзыреттілік – оқушының жан-жақты тәсілдерді игеруде байқалатын білім нәтижесі. Ол пәнаралық қызмет арқылы көрінеді. Құзыреттілік білім, білік, дағдының түпкі нәтижесі. Бұл – бір. Екіншіден, нәтижеге бағдарлама берілген білімнің негізгі көрінісі. Үшіншіден, шешуші құзыреттілік адам бойындағы қасиеттер мен іс-әрекетіндегі үйлесімділік. Құзыреттілік бағыт – білім мақсатын белгілеу принциптері, білім мазмұнын таңдау, білім беру үрдісін ұйымдастыру, білім үрдісінің нәтижелерін бағалау жиынтығы.

Оқушылардың дүниетанымын дамыту өлшемдері мен көрсеткіштер, эмоционалдық қарым-қатынас арқылы жоғарыда айтылған білім қоры оқушылардың идеялық көзқарастарын, адамгершілік қасиеттері халық қағидалары негізінде қалыптасады. Бұл сапаларды қалыптастыруға «Атадан қалған асыл сөз», «Ұлдан ұлағат, қыздан қылық», «Ата мен әже ісі бізге өнеге» т.б. тақырыптар арқылы іске асыруға болады. Аталған интеллектуалды және эмоционалды саналар оқушылардың дүниетанымын дамытуда іс-әрекет - тәжірибе арқылы көрініс береді. Оны біз оқушылардың қалыптасқан дүниетанымдық бағыты, оның азаматтық бейнесі арқылы бағдарлай аламыз. Әрине, іс – әрекетке тәжірибелік сапалар қалыптасу үшін міндетті түрде оқушыларды іс-әрекетке интегративтік түрде ұйымдастырылған шаралар арқылы жүзеге асыра аламыз. Мысалы, пікір алысу, іскерлік рөлдік ойындар өткізу, көзқарас сабақтары, педагогикалық жағдаяттар, шешу, танымдық сайыстар өткізу (қосымша схема) арқылы көрсетсек төмендегідей болады.

Ұлттық дүниетаным құрылымы:

1. Ойлау.
2. Сенім.
3. Қатынас.
4. Көзқарас.

5. Білім.
6. Әрекет.
7. Парасат.
8. Ұлттық сана.
9. Ұлттық болмыс.
10. Ұлттық мораль.
11. Ұлттық ойлау.

Себебі, тек қана іс – әрекет жүзінде баланың ішкі позициясы, дүниетанымдық бағыты айқын көрініс бере алады. Оларды біз арнайы ұйымдастырған сыныптан тыс шарада байқаймыз. Олар «Жыл басы - Наурыз мейрамы», «Ата көрген оқ жонар», «Көргені жақсы көш бастайды», «Ана көрген тон пішер», т.б. Жоғарыда айтылған оқушылардың интеллектуалдық, эмоционалдық, іс - әрекет - тәжірибелік сапаларының қалыптасқандығы мен төменде көрсетілген бағалау өлшемдері арқылы айқындалады. Сыныптан тыс шарада оқушылардың дүниетанымын қалыптастыру. Оқушылардың халық тағылымдарын қаншалықты меңгергені туралы сауалнама, тестік жұмыстар арқылы білім мен тәрбиенің сапалық деңгейін айқындайды. Кіріктіріле жоспарлаған халық тағылымдарының танымдық мәнін ұтымды пайдалануда теориялық және практикалық білім және тәрбие шаралары мазмұнды мағлұматтар сәйкес қосымша іс-шаралар жүргізуге болады. Кіріктіріле жоспарлаған шаралардың мазмұнды мағлұматтары оқушылар дүниетанымын қалыптастырудың маңызы да мүмкіндігі мол екенін дәлелдейді. Баланың ғылыми дүниетанымына табиғат және қоғам елдегі әлеуметтік- экономикалық жағдайлар, қоғамдық саяси қатынастар әсер етері белгілі. Ғылыми сенімдер ғылыми - философиялық білімдерді, қазіргі ғылым жетістіктерін оқып-үйрену, дүниені танудың ғылыми әдістерін қодану арқылы, қалыптасатыны шындық. Ғылыми дүниетаным – қоғамдық сананың ең жоғары түрі. Ол арқылы баланың өмірдегі жақсы мен жаманға көзқарасы қалыптасып, азаматтық көзқарасы айқындалады. Дүниетанымды қалыптастыратындар: тәжірибиені теориялық тұрғыдан қорыта білу, сезімнің ақыл - ойға әсері, саналы, алдына қойған мақсаты бар ерік - жігер. Бұлар баланың көзқарастары мен сенімдерін қалыптастыратыны күмән туғызбайды. Көзқарастар - оқушының өзі сенетін білімдері, ұғымдары, практикадан шығарған теориялық тұжырымдары, ұсыныстары. Оқушының олар арқылы табиғатта және қоғамда болып жатқан түрлі құбылыстарға баға берімен өзінің мінез-құлқы, жүріс-тұрысын оң бағытқа өзгеріп отырады. Тәжірибиелік жұмыстарды ұйымдастыру кезінде бала өз алдына мақсат қойып, соған жету үшін жігерлене еңбек етеді. Дүниетаным тәрбиелік қызмет атқарады. Бала өзі келісетін көзқарастары арқылы, адамгершілігін, ерік-жігерін, эстетикалық сезімдерін шыңдайды. Мұғалімдер оқушыларды адалдыққа сендіріп, олардың адал жүреуіне керекті бағытты, табандылықты, ізгілікті, серік етіп, жауапкершілікке тәрбиелеуі керек (Құдайбергенова Қ., 2008).

Қоғамдық - гуманитарлық бағыттағы пәндер оқушыны қоғамда болып жатқан оқиғаларға дұрыс баға беруге баулыса, өнер пәндері - әдебиет, бейнелеу өнері, саз, театр, кино оқушының адамгершілік - эстетикалық сезімін дамытады.

Өнер шығармалары баланың сезімін оятады. Шығармаларды талдау, салыстыру, қорытындылау баланың танымдық қабілеттерін дамытады. Оқушылардың өнердің түрлі салаларында іс - әрекет жасауы олардың дүниетанымының қалыптасуына орасан зор әсер етеді. Оқушылар өнердің тілімен танысып, тәжірибе жүзінде іске асыруға дағдыланады. Баланың дүниені қабылдау кезіндегі әсерленуі балалық шақта жақсы жүреді, сондықтан көркем өнерпаздар үйірмесін құру, өнер шығармаларын жасату, шығармалар жаздыру, сахналық қойылымдарға рөлдерде ойнату баланың дүние туралы ой – өрісін кеңейтіп, көзқарастары мен сенімін тексеруге көмектеседі. Оқушының дүниетанымының қалыптасқандығын оның ғылыми білімдерінің тереңдігінен, жүйелігінен, диалектикалық ойлауынан байқауға болады (Наурызова А., 2010).

Дүниетанымның психологиялық құрылымы танымдық, эмоционалдық және еріктік сияқты құрамаларды қамтиды. Білім жеке көзқарас сенімге айналу үшін оны тек ойластырып

қана қоймай, терең сезіну, қоғамдық өмір және іс – әрекетпен салыстыру керек. Оқушының жалпы дамуында бұл процесс тұрақты және үздіксіз өзгерістерге ұшырайды. Оқушылардың ғылыми дүниетанымын қалыптастыру оларды осы заманғы ғылыми біліммен қаруландыруға сүйенеді. Бұған мектепте оқытылатын барлық пәндердің қатынасы бар. Сонымен мектепте оқыту оқушылардың дүниетанымын қалыптастырудың маңызды құралдарының бірі.

1. Мұғалімнің ғылыми дүниетаным негіздерін қалыптастыру іс әрекеті кезеңдерін нақты жоспарлауын қамтамасыз ету. Бірінші кезеңде мектеп оқушыларының дүниетанымын қалыптастыру ісінің жүйесінде әрбір пәнінің орнын анықтау, пән аралық байланысты айқындау, негізгі философиялық, саяси – әлеуметтік және адамгершілік идеяларды мағыналы ойлауға жетелейді, оларды пәндерді оқудың уақыты бойында логикалық және деректік сипатына қарай күрделенетін ретпен тізбектей орналастырып, бірнеше басқышқа бөледі. Үшінші кезеңді дүниетаным қорытындыларын топтауды міндет етеді. Төртінші кезеңде оқытылатын материалдан шығатын дүниетаным қорытындыларын тақырыптарға сәйкес бөлу және оларды сабақ жоспарларында, оқушылардың өзіндік жұмысы үшін берілетін тапсырмаларды белгілеу жүзеге асады. Бесінші кезеңде оқушылардың оқуын, ғылыми дүниетану негіздерін қалыптастыруды басқаруға көмектесетін оқушылар танымдық іс – әрекеттің тәсілдерін, оқытудың әдістері мен формаларын анықтайды.

2. Табиғат пен қоғамдық өмірдің танылуға тиісті құбылыстарына оқушылардың жеке қатынасын қалыптастыру. Дүниетаным идеяларын меңгеруге оқушының белсенді және орынды қатынасы оның ақиқат екендігіне сенімін қалыптастырады.

3. Алған білімді меңгеруге, қолдану және үздіксіз бекітудің бірлігі. Білім тек саналы ойлау жұмысының нәтижесінде алынып, тәжірбиеде тексеріліп, іс – әрекеттің жетекші идеясына айналса ғана дүниетаным сипатын алады.

4. Оқушының адамгершілік қатынас тәжірбиесін жүйелі жинауы. Адамгершілікті көзқарастарды қалыптастыру, тереңдету мен бекіту, оқушыны қоршаған орта, оны қоғамның – саяси белсенділікке, өз бетіндік іс – әрекет және жауапкершілікке итермелейтіндей жағдайға қоюды талап етеді.

5. Мұғалім – ғылыми дүниетаным иесі және оны жүзеге асырушы. Жалпы, оқушының дүниетанудағы жәрдемшісі мұғалім. Ол рухани жан дүниесі бай идеялық, психологиялық және әдістемелік даярлығы бар, ой – өрісі кең және берік көзқарасты адам болуы керек. Мектепте, үйлесімен және өндірісте оқушылардың қоғамдық пайдалы еңбегінің, олардың қоғамда өз роліне, бақытты өмір сүруіне түсінуінің, өзінің алатын орнын біреуінің маңызын атап кеткен жөн. Өйткені еңбек процесінде оқушылар әр түрлі ұжымдармен, жеке адамдармен қарым – қатынас жасау арқылы білім және практикалық дағдыны игереді, қоғамдық қатынастар тәжірбиесін иемденеді. Осының нәтижесінде оқушылардың адамгершілік көзқарасы, сенімі дамиды.

Адамзат өркениетінің ұлы жемісі өз ұрпағына бүкіл дүниедегі барлық жақсылық атаулыны тілей отырып, көзі ашық, көкірегі ояу, санасы биік толыққанды азамат болып тәрбиеленіп шығуымен көрінеді. Қай ел болмасын өз қоғамындағы жас ұрпақтың жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты кемелденген, ойлау өрісі ғаламдық талаптарға сай мәдениетті, білімді, еңбекқор, бәсекеге қабілетті азамат ретінде қалыптасуын басты мақсат санайды.

Қосымша білім беру- азаматтардың, қоғам мен мемлекеттің білімге деген қажеттерін жан-жақты қанағаттандыру мақсатымен барлық деңгейдегі қосымша білім беру бағдарламаларының негізінде жүзеге асырылатын тәрбиелеу мен оқыту үдерісі.

Толыққанды жеке тұлға дайындау жүйесінде сыныптан тыс жұмыстың маңызы зор. Сабақтан тыс жұмыс баланың ақыл-ой деңгейінің дамуына, шығармашылықпен еңбектенуіне, мүдделерін қанағаттандыруға қажетті жағдайлар жасайды. Тарих пәні бойынша сыныптан тыс жұмыстардың алдына кешенді міндеттер қойылады. Ол міндеттер ең алдымен оқушылардың сабақта алған білімдерін тереңдету және кеңейту, соның негізінде олардың пәнге деген қызығушылықтарын оятып, таным процесін қызықты етіп ұйымдастыру. Мынадай екі бағытты қамтиды: сабақ барысында игерген тарихи білімдерді кеңейту және терең-

дету; өлкетану материалдарын оқып үйрену. Сыныптан тыс жұмыста біздің байқайтынымыз жеке тұлғаның азаматтық, еңбексүйгіштік, тапсырылған іске жауапкершілікпен қарау, өзара көмек, тәртіптілік сияқты құзырлылық қасиеттері жақсы қалыптасады. Сабақтан тыс жұмыс кезінде оқушылардың кітаппен, анықтамалық әдебиетпен жұмыс істеу, кітапқа, рефератқа сын-пікір жазу, реферат жазу, дерек көздерінен жинақтаған материалды қорыту, көпшіліктің алдында хабарлама, баяндама жасау дағдылары қалыптаса бастайды.

Бұл кезде білім беру, тәрбиелеу, дамыту мақсаттары да шешімін табады. Сонымен бірге үш түрлі мақсат та жүзеге асады. Олар:

- үйрету;
- шығармашылық өсулеріне жағдай жасау;
- өз мүмкіндіктерін дұрыс пайдалануына көмектесу.

Мысалы: Мектепте құрған «Тарихтан тағылым» атты тарихи-танымдық клубына 7-9 сынып оқушыларын тартты дейік. Бұнда біріншіден, еріктілік принципі сақталды, екіншіден, тарих пәніне қызығушылық танытушы, қабілеті мен дербес бейімділігі, танымдық бастамашылығы мен дербестігі басшылыққа алынды.

Клуб жұмысының мазмұнын оқушылар өздері таңдайды. Бұл жерде біз оқушылардың психологиялық және жас ерекшеліктерін есепке аламыз. Мысалы әр клуб мүшесіне жыл басында жас ерекшелігіне сәйкес ғылыми жоба қорғауға тақырыптар таңдатылады. Жоба талаптарымен танысып, жұмыс жасайды. Зерттеу жұмыстарын орындау барысында мұражай, мұрағат, кітапхана, интернет желілерін қолдану арқылы оқушылардың ақыл-ой, машықтану дағдылары қалыптаса бастайды.

Сонымен қатар өмірмен байланыс тығыз іске асады. Себебі зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында тақырыбына байланысты кездесу, саяхат сияқты оқушы құзырлылығын қалыптастыратын тиімді жағдайлар болады. Мысалы: «Тракторды бағындырған Еңбек Ері» деген тақырыпты зерттеп жатқан 8 сыныпта оқитын оқушы Кәмшат Дөненбаевамен және оның әріптестерімен, туыстарымен кездесіп, бұрын осы адам туралы қалам тартқан журналистермен кездездесуі жас ізденушінің белсенділігін арттырады.

Сыныптық және сыныптан тыс жұмыстардың табиғи тұтастығы олардың екеуінің де бір міндетті шешуге мүдделілігінен туындайды. Сабақтан тыс кезде тарихи деректерді оқып-үйрену оқушылардың білімін байытып, олардың көзқарасын қалыптастырып, сабақ мазмұнын жан-жақты әрі кең түрде игеруіне көмектеседі. Олар тіпті әр түрлі қызықты қосымша тарихи материалдарды тауып келіп сыныптастарына айтқан кезде, оқуға қызығушылығы төмен оқушылардың өзі көңіл қойып, ықылас білдіреді.

Тағы бір айта кететін жайт, ол, кез-келген тарихи оқиғаға сын көзбен талдау жасап, келешекті бағдарлайтын, пәннің ғылыми тілін жетік меңгеруіне пән тілін мінсіз қолдана білуге де қол жеткізуге болады.

Өз ата-тегінің шежіресін зерттеуге жеке дәптер бастап, бәйтерегін салғанда оқушылардың фантазиялық шығармашылығының шексіз екендігін байқаймыз. Жеті атадан тарайтын туысын жақын тартқанды қойып, өз бауырынан безінген безбүйректердің іс-әрекетіне жиренішпен қарауға үйренеді.

Шығармашылық пен ұжымшылдыққа дағдылануда 2012 жылғы желтоқсан айында өткізілген «Ел мұраты – ұлт тәуелсіздігі» – атты тарих апталығының жұмысын алуға болады.

Апталықтың жоспарын құрудан бастап, жүргізілуіне дейінгі аралықта клуб мүшелерінің іздену жұмыстарының нәтижесі деуге болады. Желтоқсан құрбандарына арналған даңқ аллеясының тұрғызылуының өзі (жасанды шыршалардан) оқушыларды патриоттық тәрбие мен өз ұлтын сүюге жігерлендіреді.

Сыныптан тыс жұмыстардың мазмұны тәрбиенің бағыттарымен тығыз байланысты. Әр бағыттың мақсатына сәйкес сыныптан тыс жұмыстың мазмұны да таңдалады. Мысалы, адамгершілік тәрбие беру бағытында тарихи тұлғалардың өмірі мен қызметін оқып-үйренуге көңіл бөлінсе, дүниеге ғылыми көзқарас қалыптастыруда қоғамның саяси-экономикалық даму заңдылықтарын игеруге көмектесетін тәсілдерді қолдануға болады.

Сыныптан тыс жұмыстың мазмұны мен түрлері өзара тығыз байланыста болғанымен олардың ішкі үйлесімділігін ескере отырып жұптаған орынды. Тарихи кеш, күнтізбе күндерге тарихи қабырға газетін шығару, тарихи интеллектуалдық сайыс міне осылардың барлығы оқушы құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған жұмыс түрлеріне жатады.

Мәселен, саяси ақпарат алмасу бойынша оқушылардың қазіргі заманғы саясатқа деген қызығушылығы оянып, саяси ақпараттар ағымынан қорытынды жасай алу дағдылары қалыптастыру, сол арқылы көпшіліктің алдында сөйлеуге дағдыланады. Елбасының биылғы жылғы халыққа «Дағдарыстан дамуға» атты Жолдауын оқытып үйренуде оқушылардың білімдері мен дағдыларын іске асыру үшін, «XXI ғасыр көшбасшысы», «Азамат» бағдарламаларының бағыты мен бірнеше тақырыпта шаралар өткізуге болады.

Қазіргі күні оқушылар кітап оқығаннан көрі теледидар, компьютер алдында отырғанды жақсы көреді. Осы тарапта үйірменің балаларға кітап оқуда аса маңызды рөлі зор. Өздері таңдаған тарихи тақырыпта жазылған шығармаларды топтасып оқу өз нәтижесін көрсетті. Мысалы желтоқсан оқиғасына қатысқандардың өмірлерімен таныстыруда, біріншіден, ол кітапшаны насихаттаймыз, екіншіден, оның мазмұнын игеруге басшылық жасаймыз. Осыдан кейін барып, дөңгелек үстел басында олардың өз ойларын білуге болады.

Тарих бойынша пәндік олимпиадалар өткізу қазіргі білім беру жүйесі қызметінің нәтижелерін анықтайтын басты өлшемдерінің біріне айналды. Клубтың өз ішінде өткізген пәндік олимпиада оқушылардың қызығушылығын арттырып, тарихи білімді игеруге ықпал жасайды.

Болашақта бұл клуб оқушылардың тұрақты құрамымен ұзақ мерзімде тереңдей және жоспарлы түрде жұмыс жүргізеді және оқушылар төмендегідей нәтижелерге қол жеткізулеріне мүмкіндік жасайды:

– ұлы тұлғалардың өмірі және қызметімен таныса отырып ғибрат алады, қосымша мағұматтар алады;

– білімі мен білігі тереңдейді;

– тарихи дерек көздерімен жұмыс жүргізуге дағдыланады;

– ғылыми жұмыстар орындауға икемділіктері қалыптасады;

– мамандық таңдауға қосымша бағыт-бағдар алады (Тұрғынбаева Б.А., 2005. –174 б.).

#### **4. Қорытынды.**

Қорыта айтқанда, сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру арқылы оқушылардың жан - жақты дүниетанымын қалыптастыру үшін оған өмірдің жақсы да, көлеңкелі тұстарын да айтқан дұрыс. Дүниетанымдық сана баланың сезіміне, ерік - жігеріне әсер етеді, сезім – сананы бекітуші, ерік - жігерді ынталандырушы. Баланың дүниетанымы оның сөзі мен ісінен, дүниемен қарым – қатынасынан көрінеді. Ұлы адамдардың, ірі ғалымдардың өмірі мен қызметі туралы әңгімелердің оқушының білімі мен тәрбиесіне ықпалы бар.

#### **Әдебиет тізімі**

Асқарбаева А. Сыныптан тыс оқу. – Алматы: Білім баспасы. – 1992. – 230 б.

Жұмажанова Т. Сыныптан тыс оқу барысында тіл дамыту. – Алматы: Мектеп баспасы. – 1992. – 163 б.

Иманбекова Б.И. Сыныптан тыс жұмыс. – Алматы: Білім баспасы. – 2005.–160 б.

Құдайбергенова Қ. Құзырлылық – тұлға дамуының сапалық критерий // «Білім сапасын бағалаудың мәселелері: әдіснамалық негізі және практикалық нәтижесі». – Алматы, 2008. – 30–32 б.

Наурызова А. Оқыту технологиясындағы құзыреттіліктерді қалыптастырудағы зерттеудің рөлі // Мектептегі сыныптан тыс жұмыс. журналы. – Алматы. – 2010. – № 12. – 58–60 б.

Тлеубердинова Қ. Тәрбие саласындағы сыныптан тыс жұмыстар // Мектептегі сыныптан тыс жұмыс. – 2009. – №1. – 58–60 б.

Тұрғынбаева Б.А. Мұғалімнің шығармашылық әлеуметін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту: теория және тәжірибе. – Алматы: Мектеп баспасы. – 2005. –174 б.

Шаймарданова Г.С. Оқушы құзыреттілігін қалыптастырудағы сыныптан тыс жұмыстың рөлі // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – Алматы. – №4–5. – 2005. – 2–4 б.